

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Қазақстан республикасында медициналық-әлеуметтік көмектің даму үрдісі. Қазақстанда дәрігерлік-әлеуметтік көмектің қалыптасуы.

Орындаған: Сражиев А.

Тобы : 503 ҚДС

Қабылдаған :

Жоспары

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Сапалы медициналық көмек — бұл білікті медициналық қызметкерлер көрсететін, нормативтік-құқықтық актілерге, медициналық көмек көрсету стандарттарына (ауруларға хаттама толтыру), келісім шарттарына немесе әдетте ұсынылатын талаптарға сәйкес келетін уақтылы медициналық көмек.



Негізгі бөлім

- ❖ Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында алға қойған еліміздің әрі қарай дамуы және 2050 жылға қарай әлемнің мейлінше дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдері мен Қазақстанның арасындағы даму алшақтықтарын еңсеру қажет.
- ❖ Осыған орай мемлекет ЭЫДҰ елдерінің ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға, денсаулық сақтау жүйесін басқару және қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған стандарттарын кезең-кезеңімен енгізуді қамтамасыз етуге тиіс.

- Бағдарламаны іске асыру Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Денсаулық-2020» саясаты стратегиясының басты қағидаларына сәйкес, халықты жалпыға ортақ қамту, әлеуметтік әділеттілік, сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету және денсаулық үшін ортақ жауапкершілік алу қағидаларын сақтай отырып, әлеуметтік бағытталған ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы мен динамикалы дамуына жағдай жасайтын болады.



Сапалы медициналық көмектің негізгі сипаттамасы:

- Медициналық көмектің нәтижелілігі
- Емдеу процесінің қауіпсіздігі
- Емделушіге бағытталу
- Медициналық көмектің уақтылығы
- Дәрігерлік қателіктің болмауы
- Жеткіліктілік
- Медициналық көмектің қолжетімділігі

Ағымдағы жағдайды талдау

- Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің (бұдан әрі – ЖБИ) есебіне сәйкес, 2014-2015 жылдарда Қазақстан өткен жылғы рейтингтің нәтижелерімен салыстырғанда 8 орынға жоғары көтеріліп, 140 елдің арасынан 42-орынды иеленді. «Денсаулық және бастапқы білім беру» индикаторы бойынша Қазақстан 140 елдің ішінен 93-орын алды. Республикамыз 2014 жылы Адам дамуының индексі бойынша 187 ел ішінен 70-орынды иеленіп, даму деңгейі жоғары елдердің тобына енді.

Медициналық-демографиялық ахуал және сырқаттанушылық

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Саламатты Қазақстан» мембағдарламасы) іске асырылған кезеңде:

республикадағы халық санының жыл сайынғы 1,4%-ға өсу қарқынымен 17 417,7 мың адамға (01.01.2015 жылға) дейін ұлғаюы;

күтілетін өмір сүру ұзақтығының 71,62 жасқа дейін өсуі (2010 жылы – 68, 41 жас);

- ✓ халықтың жалпы өлім-жітімінің 15,3%-ға төмендеуі (2010 жылы – 1000 тұрғынға шаққанда 8,94, 2014 жылы – 7,57);
- ✓ туу көрсеткішінің 2,6%-ға ұлғаюы (2010 жылы – 1000 тұрғынға шаққанда 22,54, 2014 жылы – 23,13);
- ✓ ана өлім-жітімінің 1,9 есе төмендеуі (2010 жылы – 100 000 туылғанға шаққанда 22,7, 2014 жылы – 11,7);
- ✓ сәби өлім-жітімінің 1,7 есе төмендеуі (2010 жылы – 1000 тірі туылғанға шаққанда 16,58, 2014 жылы – 9,72);
- ✓ халықтың туберкулезге шалдығуының 30,3%-ға төмендеуі (2010 жылы – 100 000 тұрғынға шаққанда 95,3, 2014 жылы – 66,4) және одан болатын өлім-жітімнің 2 еседен көп төмендеуі (2010 жылы – 1000 тұрғынға шаққанда 10,6, 2014 жылы – 4,9);
- ✓ адамның иммун тапшылығы вирусының (бұдан әрі – АИТВ)/ жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының (бұдан әрі – ЖИТС) таралуын шоғырландыру сатысында ұстап тұру (2014 жылы – 0,2) байқалды.

Халық денсаулығын сақтаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту

- ❖ Халық денсаулығын нығайту және қорғау тек тиісті стратегияларды дамытуды және түрлі тіршілік салаларындағы ресурстарды жұмылдыруды ғана емес, мемлекеттің, жұртшылықтың және халықтың осы бағыттағы қызметін интеграциялауды қамтамасыз ету үшін орнықты және тиімді негіз қалауды талап етеді.
- ❖ Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес, денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытудың негізі қоғамдық денсаулық сақтау қызметін (ҚДСҚ) құру болмақ.

ҚДСҚ негізгі функциялары

- халықтың хабардарлығын және оның қоршаған ортаның түрлі факторларының, дұрыс емес тамақтанудың және мінез-құлықтық қауіптердің зиянды әсерін профилактикалау және төмендету бойынша іс-шараларға тартылуын арттыру;
- инфекциялық және негізгі инфекциялық емес ауруларға, соның ішінде психикалық саулықтың бұзылыстары мен жарақаттанушылыққа эпидемиологиялық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;
- ел халқының денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған сектораралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, үйлестіру және кеңейту;
- денсаулықты қорғау саласындағы заңнаманың және басқа да құқықтық нормалардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;
- өңірлік және ұлттық деңгейде аурулардың дамуын ұзақ мерзімдік үлгілеу мен болжаудың халықаралық жүйелерін енгізу болады.

Жедел және шұғыл медициналық көмекті (ЖШМК) дамыту

Халыққа медициналық көмек берудің толықтығы мен сапасын қамтамасыз ету мақсатымен сабақтастықты және МСАК ұйымдарын ЖШМК көрсетуге тартуды қамтамасыз ету жалғастырылады.

Сараланған медициналық көмекті стационарлық деңгейге кезең-кезеңімен ауыстыра отырып, практикалық дағдыларды бекітудің және пациенттерді тасымалдау жағдайындағы шұғыл медициналық жәрдемнің стандартталған алгоритмдерін енгізудің негізінде ЖШМК қызметінің халықаралық стандарттарын енгізу қамтамасыз етіледі. Осы мақсатпен ЖШМК-ті кадрлармен қамсыздандыру нормативтері қайта қаралады, халықаралық стандарттардың негізінде білім беру бағдарламалары әзірленіп, енгізіледі және денсаулық сақтаудың барлық деңгейлері үшін кадрлар даярлау орталықтары құрылады.

- МЖӘ негізінде медициналық әуе тасымалы (санитариялық авиация) жүйесін әрі қарай дамыту бағдарламасы әзірленіп, іске асырыла бастайды. Ол мемлекеттік емес қаржыландыру көздерін тартудың негізінде бірнеше негізгі міндеттің тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді:
- жету қиын жерлерде медициналық көмек көрсету, соның ішінде толыққанды медициналық көмек көрсету үшін қажетті мамандарды жеткізу арқылы көмек көрсету.
- Осы міндеттерді іске асыру үшін жедел медициналық жәрдемді және санитариялық авиацияны басқарудың бірыңғай орталықтандырылған жүйесі енгізіледі және республиканың барлық шұғыл әрекет ету қызметтері енгізілетін біртұтас Call-center құрылады.

Барлық денсаулық сақтау қызметтерінің интеграциясымен мамандандырылған медициналық көмекті (ММК) дамыту

Халықтың денсаулығының ағымдағы жай-күйін және инфекциялық емес аурулардың болжалды өсімін ескере отырып, медициналық көмекті ұйымдастырудың интеграцияланған моделін әзірлеу және кезең-кезеңімен енгізу көзделіп отыр.

Осы үлгі негізгі әлеуметтік мәні бар, инфекциялық емес ауруларды және ел халқының демографиясына айтарлықтай ықпал ететін ауруларды:

- ✓ миокардтың жіті инфарктын,
- ✓ ми қанайналымының жіті бұзылуын (инсульт);
- ✓ қатерлі жаңа өспелерді;
- ✓ жарақаттарды;
- ✓ жүктілік және босандыруды қамтитын болады.

- Халықаралық кәсіби ұйымдармен ұсынылған клиникалық нұсқаулар мен хаттамалардың негізінде әр блок бойынша іс-қимыл жоспарлары (Action Plan) әзірленеді және іске асырыла бастайды, олардың шеңберінде халық денсаулығының жоспарланып отырған көрсеткіштері және оларға қол жеткізу үшін қажетті негізгі іс-шаралар айқындалатын болады.
- Аталмыш модель шеңберінде МСАК үйлестіруші рөлінің негізінде денсаулық сақтау жүйесінің барлық деңгейлерінде медициналық көмектің толық болуын, сапасын және сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған интеграцияланған медициналық көмек беру стандарттары әзірленеді және іске асырылады.

Медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету

Медициналық ұйымдардағы барлық өндірістік процестерді стандарттаудың негізінде сапаны басқару жүйесі медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін тиімді көтеру үшін негіз болады. Клиникалық процестерді стандарттау үшін неғұрлым тиімді және қазіргі заманғы технологияларды және медицина ғылымының жетістіктерін енгізу негізінде ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларын әзірлеу жалғастырылады. Диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларын әзірлеу медицина қызметкерлерінің кәсіби бірлестіктерін тарта отырып, медициналық технологияларды бағалау жүйесінің (health technology assessment) негізінде жүзеге асырылатын болады. Бұл жүйенің негізінде жекелеген медициналық технологиялар мен дәрілік заттарды енгізу және қолданудың дұрыстығын анықтау мақсатымен арнайы талдамалық, клиникалық-экономикалық және фармако-экономикалық зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу қамтамасыз етіледі.

Қорытынды

Қорытындылай келе айтқанда еліміздің денсаулық сақтау жүйесі алға басқаны анық. Ендігі мақсат осы медициналық-әлеуметтік көмектің сапасын арттыру болып табылады. Денсаулық 2016-2019 жж арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру арқылы біз еліміздің денсаулық сақтау жүйесін едәуір ілгері басарына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. М.А. Камалиев, Р.К.Бигалиева, Т.Х. Хабиева «Қазақстан халық медицинасы және қоғамдық денсаулық сақтау тарихы», - Алматы, 208 б.
- 2. Әлдешев, А. Ә. Емдеу - профилактикалық мекемелердегі қауіпсіз орта. Инфекциялық қауіпсіздік және оны бақылаудағы медбикенің орны : оқу құралы . - Шымкент , 2006. – 10 экз
- 3. Биғалиева, Р. К Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару: оқулық. - Алматы : Эверо, 2014. - 560 бет. -100экз
- 4. Шарманов, Т. Ш. Алматы адамзат дамуының жаңа мыңжылдығында монография; ҚР денсаулық сақтау министрлігі ұсынған. - Алматы : Б. ж., 2013. - 356 бет-100экз